<sup>5</sup>ОКЭД – заполняется согласно "Общему классификатору видов экономической деятельности", размещенному на интернет-ресурсе Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан в разделе "Классификаторы"

**8. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)**

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық	
до 1 часа					более 40 часов	

Атауы Мекенжайы (респонденттің)

Наименование \_\_\_\_\_ Адрес (респондента) \_\_\_\_\_

Телефоны (респонденттің) Телефон

(респондента) \_\_\_\_\_

стационарлық ұялы

стационарный мобильный

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) \_\_\_\_\_

Орындаушы

Исполнитель \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны (орындаушының) фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер немесе оның  
міндетін атқарушы тұлға  
Главный бухгалтер или лицо,  
исполняющее его обязанности \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы  
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның  
міндетін атқарушы тұлға  
Руководитель или лицо,  
исполняющее его обязанности \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы  
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

**Ескертпе:**

Примечание:

**Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады**

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика  
бюросының басшысы  
2022 жылғы 16 қыркүйектегі  
№ 24 бұйрығына  
6-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика  
министрлігінің  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2020 жылғы 10 ақпандағы  
№ 21 бұйрығына  
19-қосымша

**"Ауыл шаруашылығы құралымының қызметі туралы есеп" (индексі 1-сх, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы нұсқаулық "Ауыл шаруашылығы құралымының қызметі туралы есеп" (индексі 1-сх, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) бастапқы кіріске алынған салмақ – өнімді жинау кезінде шөп-шаламымен және минералдық қоспаларымен (топырақ, шаң-тозаң, собық масағы және басқа қоспалармен), сонымен бірге артық ылғалдығымен өңдеусіз алынған нақты салмағы;

2) мал шаруашылығының өнімі – ауыл шаруашылығы малдарын өсіру және шаруашылықта пайдалану нәтижесінде алынған дайын өнімдер (сүт, жұмыртқа, жүн, терілер және тағы басқасы), тірі салмақта мал және құстың барлық түрлерін шаруашылықта сою немесе союға өткізу, ара шаруашылығының өнімі және қымбат терілі жануарларды өсіру;

3) өнімнің өзіндік құны – өнімді өндіруге және өткізуге кеткен шығындардың ақшалай тұлғалануы;

4) өңдеуден кейінгі салмақ (есепке алынатын салмақ) – өнімді тазартқаннан және кептіргеннен кейінгі алынған, яғни ылғалдылық және ластану дәрежесін шегергендегі нақты салмағы;

5) өсімдік шаруашылығындағы аяқталмаған өндіріс – сүдігер жерлерді жырту, таза сүрі жерлерді көтеру, алдағы кезеңдердегі түсімге күздік дақылдарды егу үшін жерді дайындау, бауларды егу, өңдеу және ұстауға жұмсалған шығындар;

6) өсімдік шаруашылығы өнімдері – ауыл шаруашылығы дақылдарын (дәнді, майлы дақылдар, көкөністер, қант қызылшасы, мақта және басқалар) өңдеу процесінде алынған өнім;

7) өткізілген өнім құны – қосымша құн салығын, акциздерді, сондай-ақ қайтарылған тауарлар құнын, сатып алушыға берілген сату және баға жеңілдіктерін алып тастағандағы, жіберілген (жөнелтілген) дайын ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізуден алынған және алынуға тиісті табыс сомасы;

8) өткізілген өнімнің өзіндік құны – жіберілген (жөнелтілген) дайын өнімнің нақты өзіндік құны;

9) экономикалық қызметтің басқа түрлері – өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы қызметтерін көрсету, аңшылық, орман, балық шаруашылығы қызметтерінен басқа, Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 01.1, 01.2, 01.3, 01.4, 01.5-кодтары бойынша негізгі экономикалық қызмет түрімен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрлері;

10) экономикалық қызметтің негізгі түрі – қосылған құны субъекті жүзеге асыратын кез келген басқа экономикалық қызмет түрлерінің қосылған құнынан асатын экономикалық қызмет түрі.

3. Егер заңды тұлға құрылымдық және оқшауланған бөлімшелерге статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттік берген жағдайда, онда ол статистика органдарына өзінің тұрғылықты орны бойынша осы статистиалық нысанды ұсынады.

Егер ауыл шаруашылығы қызметі бірнеше аудандар және/немесе облыстар/қалалар аумағында жүзеге асырылса, заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері мен шаруа немесе фермер қожалықтары қоса алғанда дара кәсіпкерлер, статистикалық нысанды әрбір аумақ бойынша жеке статистикалық нысандарда ұсынады, яғни деректер ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын орны бойынша көрсетіледі, тиісті аумақ 1-бөлімде келтіріледі.

Ауыл шаруашылығы қызметі жүзеге асырылатын аумақтың кодын Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақтық статистика органдарының қызметкері 1.1-ішкі бөлімде көрсетеді.

4. Статистикалық нысанда деректер есепті жылға толтырылады. Статистикалық нысан ауыл шаруашылығы өнімдері түрлерінің бөлінісінде Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (тауарларының және көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығына (бұдан әрі – АШӨСЖ) сәйкес толтырылады.

2-бөлімнің 2-бағанында (шаруашылықта өсірілген немесе өндірілген сатып алынған өнімді ескере отырып) жыл басындағы қоймалардағы өнімнің қорлары көрсетіледі.

2-бөлімнің 3-бағанында ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемі туралы мәліметтер заттай көріністе, үтірден кейін екі белгісі бар центнерде, ал данада бүтін сандармен көрсетіледі.

Өртүрлі дақылдар үшін өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру бастапқы кіріске алынған немесе өңделгеннен кейінгі салмақта (есепке алу салмағында) көрсетіледі.

Дәнді және бұршақ дақылдары, қант қызылшасы, шитті мақта, темекі, майлы дақылдар тұқымдарының өндірісі өңделгеннен кейінгі салмақта, картоп, ашық және қорғалған топырақта өсірілетін көкөністер, азықтық дақылдар (тамыржемісті мал азықтық, мал азықтық бақша дақылдары, азықтық жүгері, біржылдық және көпжылдық шөптер, балауса мал азығы, пішен, шөп ұны және түйіршіктер мен брикеттер алуға, өріске, тұқымға), жеміс-жидек дақылдары және жүзім өндірісі бастапқы кіріске алынған салмақпен көрсетіледі.

Қант қызылшасы бойынша қант зауыттарына өңдеу үшін өткізуге арналған егістіктерден жиналған қант қызылшасы көрсетіледі. Темекі бойынша барлық негізгі және қосымша терім көрсетілуі тиіс. Картоп бойынша картоптың бүкіл өнімі есепке алынады, соның ішінде негізгі жиын-теріннен кейін картоп егілген алқапты қайта жырту және тырмалау нәтижесінде алынған картоп та енеді. Көкөністер бойынша сондай-ақ жаппай жинауға дейінгі және одан кейінгі ішінара жиналған көкөністер де көрсетіледі.

Мал шаруашылығы өнімдері бойынша ауыл шаруашылығындағы мал мен құсты өсіру және шаруашылықта пайдалану нәтижесінде алынған шикі өнімдерді (ет, сүт,



жүн, жұмыртқа және тағы басқасы) өндіру көрсетіледі. Ет өндіру сойылған немесе союға өткізілген мал мен құс тірідей салмақта түрлері бойынша көрсетіледі.

2-бөлімнің 4-бағанындаалдыңғы жылдан қалған өнім қалдықтарын қоса есепті жылы өткізілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің саны (шаруашылықта өсірілген немесе өндірілген, сатып алынған өнімді ескере отырып) заттай көріністе үтірден кейін екі ондық таңбамен центнерде көрсетіледі, ал данада бүтін сандармен көрсетіледі. 2-бөлімнің 5-бағанында ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізуден түскен табыс көрсетіледі, 6-бағанда жөнелтілген ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге және өткізуге кеткен нақты шығын көрсетіледі.

6-баған бойынша өткізілген өнімнің нақты түрі бойынша өзіндік құнын анықтау қиын болған жағдайда келесі тәсілді пайдалану ұсынылады. Өнімнің нақты түрін өндіруге кеткен жалпы шығындарды заттай көріністегі осы өнімнің өндірілген көлеміне бөлгенде осы өнім түрінің бір бірлігін өндірудің өзіндік құны анықталады. Одан соң осы өнім түрінің бір бірлігін өндірудің өзіндік құнын заттай көріністегі өткізілген өнімнің санына көбейтіп және осы өнімді өткізу бойынша шығындарды (буып түю, сақтау, тасымалдау, тиеу және түсіруге, жарнамаға кеткен коммерциялық шығындар) қосқанда, сұратылып отырған өткізілген өнімнің өзіндік құны анықталады. Өткізілген өнімнің бірнеше түрлері бойынша жалпы шығындар кеткен жағдайда өнімнің түрлері бойынша осы шығындарды бөлу шығындар сомасын жалпы өткізілген көлемінің өткізілген өнімдерінің әрбіреуінің бағасына пропорционалды түрде бөлу жолымен жүзеге асырылады.

2-бөлімнің 7-бағанында статистикалық нысанда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу каналдары көрсетіледі.

8-бағанда жыл соңына қоймалардағы өнімдердің қорлары (шаруашылықта өсірілген немесе өндірілген, сатып алынған өнімді ескере отырып) көрсетіледі.

5. 3-бөлімде үй құсы санын жаңарту үшін пайдаланылған жұмыртқа саны көрсетіледі.

6. 4-бөлімде АШӨСЖ-ға сәйкес ауыл шаруашылық дақылдарының жекелеген түрлерін күтіп-баптауға және өсіруге кеткен, өнім өндірумен байланысты бөгде ұйымдардың көрсеткен қызметтерін қоса алғанда барлық қаражат пен еңбек шығындары көрсетіледі.

ЭҚЖЖ 01.1, 01.2, 01.3, 01.4, 01.5-кодтары бойынша негізгі және қосалқы экономикалық қызмет түрлерімен шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғанда дара кәсіпкерлер, тек қана 01.1, 01.2 және 01.3 қорытынды жолдарын толтырады.

Өткізілген өнімнің бірнеше түрлері бойынша жалпы шығындар кеткен жағдайда өнімнің жекелеген түрлерін өндіруге кеткен шығындарды құндық көріністегі жалпы өткізілген көлемінің үлес салмағы бойынша пропорционалды түрде бөлу жолымен жүзеге асырылады.

2-бағанда күрделі салымдар есебінен егу жүргізілетін көпжылдық екпе ағаштарынан басқа, есепті жылы тиісті ауылшаруашылық дақылдар мен екпелерді егуге (отырғызуға) пайдаланылатын сатып алынған және өз өндірісінің тұқымы мен отырғызылатын материалының құны көрсетіледі. Бұл ретте өз өндірісінің тұқымы мен отырғызылатын материалы – өзіндік құнымен, сатып алынғаны сатып алу бағасымен бағаланады.

3-бағанда есепті жылдың жекелеген ауыл шаруашылық дақылдарына себілген өнеркәсіппен өндірілген минералдық тыңайтқыштардың құны, сондай-ақ органикалық тыңайтқыштар: тезек, шымтезек, қорда көрсетіледі.

4-бағанда есепті жылы өсімдік шаруашылығының нақты түрін өндіру үшін жұмсалған мұнай өнімдерінің құны көрсетіледі.

5-бағанда есепті жылы өсімдік шаруашылығының нақты түрін өндіру үшін жұмсалған энергияның құны көрсетіледі. Бұл ретте, сатып алынған энергия – сатып алу бағалары бойынша, өзі өндірген энергия өзіндік құны бойынша бағаланады.

6-бағанда су шаруашылығы жүйелерінен алынған және нақты өнім түрін өндіру үшін өсімдік шаруашылығының мұқтаждықтарына жұмсалған суға төленген төлем көрсетіледі.

7-бағанда негізгі құралдарға жатпайтын, негізгі құралдар, мүліктер, аспаптар, саймандар және басқа да еңбек құралдары үшін қосалқы бөлшектер және материалдар құны көрсетіледі.

8-бағанда бөгде субъектілер орындаған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен көрсетілген қызметтер құнына төлем көрсетіледі: өнім әзірлеу, шикізат пен материалдарды өңдеу, белгіленген технологиялық процестердің сақталуын бақылау жөнінде жекелеген операцияларды орындау, егіншіліктегі, ашық топырақта, қорғалған топырақта көкөністер өсіру, өсімдіктерді аурулар мен зиянкестерден қорғау, тыңайтқыштарды әзірлеу және енгізу, өсімдік шаруашылығының өнімдерін тиеу, түсіру және тасымалдау бойынша жұмыстар, бақ шаруашылығы, жүзім шаруашылығы мен басқа да көпжылдық өсімдіктер плантациясындағы жұмыстар, агроелиоративтік жұмыстар және тағы басқа.

9-бағанда кәсіпорынның өнім өндіру кезінде жұмсалған, шығындардың алдыңғы баптарына кірмеген қалған шығындардың барлығы көрсетіледі. Оларға: негізгі құрал-жабдықтарды ұстауға арналған шығындар, атап айтқанда олардың бастапқы құны мен нормативтік қызмет ету мерзіміне сүйене отырып есептелген, қызмет көрсету, пайдалану, жөндеу жұмыстарына шығындар және негізгі құралдар өтелімінің жалпы сомасы, еңбекақы шығыстары көрсетіледі, бұл шығыстар ақшалай және (немесе) заттай түрдегі қызметкерлерге есептелген кез келген төлемдер, ынталандыратын төлемдер мен үстемеақылар, жұмыс режиміне немесе еңбек жағдайына байланысты өтемдік төлемдер, сыйақылар мен біржолғы ынталандыратын төлемдер, еңбек шартымен (келісімшартымен) және (немесе) ұжымдық шартпен, заңнамалық нормаларда көзделген

осы қызметкерлерді ұстауға байланысты шығыстар. Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдарға жұмсалған шығындар (пестицидтер, гербицидтер, дәрілеуіштер және басқалар), егістікке тұқымдарды дайындау бойынша (дәрілеу және басқалар), тұқымды тиеу және егістікке жеткізу бойынша шығындар, егістіктерді сақтандыру бойынша шығындар, салықтар, жер салығын қоса алғандағы салықтар, арнайы бюджеттен тыс қорларға алымдар мен аударымдар, жаңалық ашу және өнертапқыштық ұсыныстарға сыйлықақы беру және тағы басқалар жатады.

10-бағанда есепті жылы солған дақылдарды егуге жұмсалған нақты шығындар көрсетіледі.

7. 5-бөлімде өсімдік шаруашылығындағы аяқталмаған өндіріске жұмсалған шығындар бойынша ақпараттар көрсетіледі.

1-жол бойынша таза сүрі жер алқаптарына:

қара сүрі жерлер, яғни ағымдағы жылдың күздік егісіне өткен жылы күзде жыртылған таза сүрі жерлер;

қыста алқапта қар тоқтату және топырақ эрозиясымен күресу мақсатында ұзын сабақты дақыл егілген ықтырмалы таза сүрі жерлер; көк тыңайтқыш үшін бұршақты дақыл егілген жасыл сүрі жерлер;

өңделуі сүрі жерлерді дайындау жылы көктемде басталатын ерте сүрі жерлер, яғни таза сүрі жерлер енгізіледі.

Таза сүрі жерлер алқабына мыналар: егілген сүрі жерлер (жасыл сүрі жерлерден басқа), сүрі жерді қайта жырту, өткен жылы күзде жыртылған, бірақ іс жүзінде ағымдағы жылы жаздық дақылдар егісіне пайдаланылған қара сүрі жерлер енгізілмейді.

Таза сүрі жерлер алқабына ағымдағы жылы жаңадан игерілген тыңайған жерлердің жыртылған алқабы енгізілмеуі тиіс.

2-жолда күзде өнімді жинағаннан кейін топырақты негізгі өңдеудің (жырту, ауыр дискілі тырмалармен тырмалау, топырақты сыдыра және қопсыта жырту, терең қопсыту) әртүрлі технологиялары бойынша өңделген және алдағы жылы көктемде ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге арналған алқап көрсетіледі.

Сүдігерге әзірленіп, қысқа қарсы жаздық дақыл егілген алқап, сүдігердің жалпы өңделген алқабынан алынып тасталмайды.

Қалған түйнектерді жинау мақсатында картоп егісін қайта жырту сүдігер алқабына енгізіледі.

Сүдігер алқабына мыналар:

ағымдағы жылы қайта жыртылған тыңайған жер алқабы;

ағымдағы жылы көктемде және жазда игеріліп, келесі жылдың жаздық дақылдары егісіне қалдырылған сүрі жерлер;

алдағы жылдың өнімі үшін күзде игерілген қара сүрі жерлер;

егер де осы алқапта топырақтың келесі негізгі өңдеуі жүргізілмесе, сыдыра жыртылған аңыз;

қызылша қазғышпен және қызылша комбайнымен жинағаннан кейін қант қызылшасы егістігінің алқабы енгізілмейді.

8. 6-бөлімде АШӨСЖ-ға сәйкес өнім өндірумен байланысты бөгде ұйымдардың көрсетілетін қызметтерін қоса алғанда мал шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерін өсіруге кеткен барлық қаражат пен еңбек шығындары көрсетіледі.

ЭҚЖЖ 01.1, 01.2, 01.3, 01.4, 01.5-кодтары бойынша негізгі және қосалқы экономикалық қызмет түрлерімен шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғанда дара кәсіпкерлер, тек қана 01.4 қорытынды жолын толтырады.

Өнімнің бірнеше түрлерін өндіру бойынша жалпы шығындар, жекелеген өнім түрлерін өндіруге кеткен шығындар жағдайында құндық көріністегі жалпы өткізілген көлемінің үлес салмағы бойынша пропорционалды түрде бөлу жолымен анықталады.

2-бағанда есепті жылы мал мен құсты азықтандыруға кеткен барлық мал азығы түрлерінің құны көрсетіледі. Бұл ретте өз өндірісінің өнімдері - өзіндік құнымен, сатып алынғаны сатып алу бағасымен бағаланады.

Қалған бағандар бойынша 4-бөлімдегідей мал шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруге кеткен шығындар көрсетіледі.

8-бағанда кәсіпорынның өнім өндіру кезінде жұмсалған, шығындардың алдыңғы баптарына кірмеген қалған шығындардың барлығы көрсетіледі. Оларға: негізгі құралдарды ұстауға, атап айтқанда қызмет көрсетуге, пайдалануға, жөндеуге арналған шығындар және олардың бастапқы құны мен нормативтік қызмет ету мерзімін негізге ала отырып есептелген негізгі құралдардың есептелген амортизациясының жалпы сомасы бөгде субъектілер орындаған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен көрсетілген қызметтер құнына ақы төлемі көрсетіледі: өнім әзірлеу, шикізат пен материалдарды өңдеу, белгіленген технологиялық процестердің сақталуын бақылау жөніндегі жекелеген операцияларды орындау, малға күтім жасау, азықтандыруға мал азығын дайындау, жануарларды суару, мал шаруашылығы өнімдерін тасымалдау, жануарларды жасанды ұрықтандыру, малды етке союға дайындау, қораны тазарту бойынша жұмыстар және тағы басқалары. Жануарларға арналған заттарға жұмсалған шығындар (пайдаланылатын биопрепараттар, дәрі-дәрмектер мен залалсыздандырғыш құралдар және оларды мал шаруашылығында пайдалануға байланысты шығыстар), мал шаруашылығына техникалық қызмет көрсету, жануарларды өз күштерімен жасанды ұрықтандыру бойынша жұмыстарға жұмсалған шығындар, сақтандыру бойынша шығындар, салықтар, жер салығын қоса алғандағы салықтар, арнайы бюджеттен тыс қорларға алымдар мен аударымдар, жаңалық ашу және өнертапқыштық ұсыныстарға сыйлықақы беру және тағы басқалар жатады.

Осы статистикалық нысанға жұмыс және өсімтал малды сатып алуға жұмсалған шығындар қосылмайды, себебі бұл шығындар ауыл шаруашылығы мақсатында негізгі құралдарды салып алуға жұмсалған күрделі салымдар болып табылады.

9. 7-бөлімді ЭҚЖЖ 01.1, 01.2, 01.3, 01.4, 01.5-кодтары бойынша негізгі экономикалық қызмет түрлерімен тек қана заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері толтырады. Осы бөлімде өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы қызметтерін көрсету, аңшылық, орман және балық шаруашылығы қызметтерінен басқа өзге қызмет түрлеріндегі өндіріс көлемі туралы ақпарат көрсетіледі.

10. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналған бекітілген Респонденттердің жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады.

11. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz>) орналастырылған "Деректерді онлайн режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

12. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім:

егер 4-баған  $> 0$ , онда 5-баған  $> 0$  және 6-баған  $> 0$ , әрбір жол үшін;

егер 5-баған  $> 0$ , онда 4-баған  $> 0$  және 6-баған  $> 0$ , әрбір жол үшін;

егер 4-баған  $> 0$ , онда 3-баған  $> 0$ , әрбір жол үшін;

2) 4-бөлім:

1-баған = 2–9 бағандар сомасы;

10-баған = 2–9 бағандар сомасы;

егер 2-бөлімнің 3-бағаны  $> 0$ , онда 4-бөлімнің бағандары  $> 0$ , әрбір жол үшін.

3) 5-бөлім: егер 1-баған  $> 0$ , онда 2-баған  $> 0$ , сондай-ақ 2-баған  $> 0$ , онда 1-баған  $> 0$ , әрбір жол үшін.

4) 6-бөлім: егер 2-бөлімнің 3-бағаны  $> 0$ , онда 6-бөлімнің бағандары  $> 0$ , әрбір жол үшін.

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика  
бюросының басшысы



1. Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру саласындағы қызметті нақты жүзеге асыратын аумақты облыс, қала, ауданкөрсетіңіз

--

Укажите территорию фактического осуществления деятельности в области выращивания сельскохозяйственных культур – область, город, район

--	--	--	--	--	--

1.1 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес аумақ коды (респондент статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште ұсынған кезде аумақтық статистика органының тиісті қызметкері толтырады)

Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (КАТО) (заполняется соответствующим работником территориального органа статистики при представлении респондентом статистической формы на бумажном носителе)

1.2. Негізгі қызмет түрінің ЭҚЖЖ коды

--	--	--	--	--

Код ОКЭД основного вида деятельности

## 2. Маусымдық дақылдардың түсімін жинау туралы ақпаратты көрсетіңіз

Укажите информацию о сборе урожая сезонных культур

АШӨС Ж <sup>1</sup> сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы Наименование сельскохозяйственных культур в соответствии с СКПС Х <sup>1</sup>	АШӨС Ж коды Код СКПС Х	Шықпай қалған жаздық дақылдардың егіс алқабы, гектармен		Ауыл шаруашылық дақылдарының нақтыланған егіс алқабы, гектармен		Жеке ауыл шаруашылық жиналған алқабы, гектармен		Жеке ауыл шаруашылық дақылдарының жалпы түсімі, центнермен		Валовой сбор отдельных сельскохозяйственных культур, в центнерах	
		Площадь погибших посевов яровых культур, в гектарах		Уточненная посевная площадь сельско-хозяйственных культур, в гектарах		Убранная площадь отдельных сельско-хозяйственных культур, в гектарах		алғашқы кіріске алынған салмақта		өңдеуден кейінгі салмақта	
		барлығы	одансуармалы из них орошаемы	барлығы	одансуармалы из них орошаемы	барлығы	одансуармалы из них орошаемы	барлығы	одансуармалы из них орошаемых	барлығы	одансуармалы из них орошаемых
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

**Ескертпе:**

Примечание:

<sup>1</sup> Мұнда және бұдан әрі АШӨСЖ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналасқан "Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығы"

<sup>1</sup> Здесь и далее СКПСХ – "Справочник продукции (услуг) сельского, лесного и рыбного хозяйства", размещенный на интернет-ресурсе Бюро национальной статистики

## Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан в разделе "Классификаторы"

АШӨСЖ <sup>1</sup> сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы Наименование сельскохозяйственных культур в соответствии с СКПС Х <sup>1</sup>	АШӨСЖ коды Код СКПС Х	Шықпай қалған жаздық дақылдардың егіс алқабы, гектармен Площадь погибших посевов яровых культур, в гектарах		Ауыл шаруашылық дақылдарының нақтыланған егіс алқабы, гектармен Уточненная посевная площадь сельско-хозяйственных культур, в гектарах		Жеке ауыл шаруашылық жиналған алқабы, гектармен Убранная площадь отдельных сельско-хозяйственных культур, в гектарах		Жеке ауыл шаруашылық дақылдарының жалпы түсімі, центнермен Валовой сбор отдельных сельскохозяйственных культур, в центнерах			
		барлығы всего	одан суармалы из них орошаемых	барлығы всего	одан суармалы из них орошаемых	барлығы всего	одан суармалы из них орошаемых	алғашқы кіріске алынған салмақта в первоначально оприходованном весе		өңдеуден кейінгі салмақта в весе после доработки	
								барлығы всего	одан суармалы из них орошаемых	барлығы всего	одан суармалы из них орошаемых
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

### 2.1 2-бөлімнен ашық топырақтағы ерте пісетін ауыл шаруашылығы дақылдарын жалпы түсімін көрсетіңіз

Укажите из раздела 2 валовой сбор ранних сельскохозяйственных культур в открытом грунте

АШӨСЖ <sup>1</sup> сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы Наименование сельскохозяйственных культур в	Ерте пісетін ауыл шаруашылық дақылдарының жалпы түсімі, килограммен Валовой сбор ранних сельскохозяйственных культур, в килограммах						
	қаңтар январь	ақпан февраль	наурыз март	сәуір апрель	мамыр май	маусым июнь	
АШӨСЖ							



соответств и и с СКПСХ <sup>1</sup>	коды К о д СКПСХ							шілде июль
А	Б	1	2	3	4	5	6	7

## 2.2 Ашық топырақтағы кесілген гүлдерді және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерін жинау туралы ақпаратты көрсетіңіз

Укажите информацию о сборе срезанных цветов и отдельных видов продукции растениеводства открытого грунта

Гүлдердің атауы Наименование цветов	АШӨСЖ коды Код СКПСХ	Барлығы Всего
А	Б	1
Гүлдерді жалпы жинау, мың данамен Валовый сбор цветов, тысяч штук		
Раушан гүлдер Розы	01.19.21.110	
Қалампыр гүлдер Гвоздики	01.19.21.120	
Бақыт гүлдер Хризантемы	01.19.21.130	
Өзге де гүлдер Цветы прочие	01.19.21.190	
Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерін өсіру, мың данамен Выращено отдельных видов продукции растениеводства, тысяч штук		
Кесілген рождестволық ағаштар Деревья рождественские, срубленные	01.29.20.000	
Гүлдердің көшеттері Рассада цветов	01.30.10.210	
Көкөністердің көшеттері Рассада овощей	01.30.10.220	
Жидек дақылдарының көшеттері Рассада культур ягодных	01.30.10.230	
Саңырау құлақтыжер (мицелий) Грибницы (мицелий)	01.30.10.400	
Жемісті және декоративтік ағаштар мен бұталардың екпе көшеттері	01.30.10.500	



Розы срезанные	01. 19. 21. 110		
Кесілген қалампыр гүлдер Гвоздикисрезанные	01. 19. 21. 120		
Кесілген бақыт гүлдер Хризантемысрезанные	01. 19. 21. 130		
Өзге де кесілген гүлдер Цветы срезанные прочие	01. 19. 21. 190		

#### 4.2 Қорғалған топырақтағы өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерін өсіру туралы ақпаратты көрсетіңіз

Укажите информацию о выращивании отдельных видов продукции растениеводства защищенного грунта

Атауы Наименование	АШӨСЖ коды Код СКПСХ	Жылыжайлардың пайдаланылатын алаңы, шаршы метрмен Используемая площадь теплиц, в квадратных метрах	Өсірілген, мың данамен Выращено, в тысяч штуках
А	Б	1	2
Кесілген рождестволық ағаштар Деревья рождественские, срубленные	01.29.20.000		
Гүлдердің көшеттері Рассада цветов	01.30.10.210		
Көкөністердің көшеттері Рассада овощей	01.30.10.220		
Жидек дақылдарының көшеттері Рассада культур ягодных	01.30.10.230		
Саңырау құлақтыжер (мицелий) Грибницы (мицелий)	01.30.10.400		
Жемісті және декоративтік ағаштар мен бұталардың екпе көшеттері Сеянцы деревьев и кустарников, плодовых и декоративных	01.30.10.500		
Жемісті және декоративтік ағаштар мен бұталардың тікпе көшеттері Сажены деревьев и кустарников, плодовых и декоративных	01.30.10.600		

## 5. Органикалық өсімдік шаруашылығының өндірілген өнімі туралы ақпаратты көрсетіңіз

Укажите информацию о производстве продукции органического растениеводства

АШӨСЖ <sup>1</sup> сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы Наименование сельскохозяйственных культур в соответствии с СКПСХ <sup>1</sup>	АШӨСЖ коды Код СКПСХ	Органикалық өсімдік шаруашылығының өнімінің нақтыланған егістік алқабы, гектармен Уточненная посевная площадь продукции органического растениеводства, в гектарах	Органикалық өсімдік шаруашылығының өнімінің жиналған алқап, гектармен Убранная площадь продукции органического растениеводства, в гектарах	Органикалық өсімдік шаруашылығының өнімін жалпы түсімі, центнермен Валовой сбор продукции органического растениеводства, в центнерах
А	Б	1	2	3

## 6. Тыңайтқыштарды енгізу мен пайдалану туралы ақпаратты көрсетіңіз

Укажите информацию о внесении и использовании удобрений

АШӨСЖ <sup>1</sup> сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы Наименование сельскохозяйственных культур в соответствии с СКПСХ <sup>1</sup>	АШӨСЖ коды Код СКПСХ	Минералдық тыңайтқыштарды енгізу, килограммен Внесение минеральных удобрений, в килограммах											
		азоттық азотных				фосфорлық фосфорных				калийлік калийных			
		одан из них		одан из них		одан из них		одан из них		одан из них		одан из них	
		коректік заттардың 100%-ына есептегенде	суармалына орошае мые	физикалық салмақта физическом весе	коректік заттардың 100%-ына есептегенде	суармалына орошае мые	физикалық салмақта физическом весе	коректік заттардың 100%-ына есептегенде	суармалына орошае мые	физикалық салмақта физическом весе	суармалына орошае мые	коректік заттардың 100%-ына есептегенде	суармалына орошае мые
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

жалғасы продолжение

		Минералдық тыңайтқыштарды енгізу, килограммен	
--	--	---	--

АШӨСЖ <sup>1</sup> сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы Наименование сельскохозяйственных культур в соответствии с СКПСХ <sup>1</sup>	АШӨСЖ коды Код СКПСХ	Внесение минеральных удобрений, в килограммах				Органикалық тыңайтқыштарды енгізу, тоннамен Внесение органических удобрений, в тоннах	
		микротыңайтқыш микроудобрений					
		қоректік заттардың 100%-ына есептегенде в пересчете на 100% питательных веществ	одан из них	физикалық салмақта в физическом весе	одан из них	барлығы всего	одан суармалы из них орошаемые
А	Б	13	14	15	16	17	18

**7. Ауыл шаруашылығы дақылдарының тыңайтылған алқабы туралы ақпаратты көрсетіңіз**

Укажите информацию об удобренной площади сельскохозяйственных культур

**7.1 Ашық топырақтағы ауыл шаруашылығы дақылдарының тыңайтылған алқабы туралы ақпаратты көрсетіңіз, гектармен**

Укажите информацию об удобренной площади сельскохозяйственных культур открытого грунта, в гектарах

АШӨСЖ <sup>1</sup> сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы Наименование сельскохозяйственных культур в соответствии с СКПСХ <sup>1</sup>	АШӨСЖ бойынша коды Код по СКПСХ	Минералдық тыңайтқыштармен тыңайтылған алқап Площадь, удобренная минеральными удобрениями		Органикалық тыңайтқыштармен тыңайтылған алқап Площадь, удобренная органическими удобрениями	
		барлығы всего	одан из них суармалы орошаемые	барлығы всего	одан из них суармалы орошаемые
А	Б	1	2	3	4

**7.2. Қорғалған топырақтағы ауыл шаруашылығы дақылдарының тыңайтылған алқабы туралы ақпаратты көрсетіңіз, шаршы метрмен**

Укажите информацию об удобренной площади сельскохозяйственных культур защищенного грунта, в квадратных метрах

АШӨСЖ <sup>1</sup> сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы Наименование сельскохозяйственных культур	АШӨСЖ бойынша коды Код по СКПСХ	Минералдық тыңайтқыштармен тыңайтылған алқап	Органикалық тыңайтқыштармен тыңайтылған алқап
--	------------------------------------	--	---

культур в соответствии с СКПСХ <sup>1</sup>		Площадь, удобренная минеральными удобрениями	Площадь, удобренная органическими удобрениями
А	Б	1	2

**8. Дәнді дақылдарды өсіргенде топырақ ресурсын сақтау технологиясын қолдану туралы мәліметті көрсетіңіз, гектармен**

Укажите сведения о применении почво-, ресурсосберегающих технологий при возделывании зерновых культур, в гектарах

8.1.Сабанды ұсақтау және шашу арқылы жиналған дәнді дақылдар алқабы Убранная площадь зерновых культур с измельчением и разбрасыванием соломы	<input type="text"/>
8.2.Себу кешенімен, сондай-ақ тікелей сепкіштермен себілген дәнді дақылдар алқабы Площадь зерновых культур, засеянная посевными комплексами, а также стерневыми сеялками	<input type="text"/>
8.3.Құрамында глифосаты бар гербицидтермен өңделген дәнді дақылдар алқабы Площадь зерновых культур, обработанная глифосатсодержащими гербицидами	<input type="text"/>

**9. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)**

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

1 сағатқа дейін					40 сағаттан артық	
до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	более 40 часов	

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы(респонденттің)  
Наименование \_\_\_\_\_ Адрес (респондента) \_\_\_\_\_

Телефоны (респонденттің)  
Телефон (респондента) \_\_\_\_\_

стационарлық \_\_\_\_\_ ұялы \_\_\_\_\_  
стационарный \_\_\_\_\_ мобильный \_\_\_\_\_  
Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)  
Адрес электронной почты (респондента) \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

Исполнитель \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны (орындаушының)  
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер немесе оның  
міндетін атқарушы тұлға  
Главный бухгалтер или лицо,  
исполняющее его обязанности \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы  
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның  
міндетін атқарушы тұлға  
Руководитель или лицо,  
исполняющее его обязанности \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы  
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

**Ескертпе:**

Примечание:

**Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады**

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

"Ауыл шаруашылығы дақылдары түсімін жинау туралы" статистикалық нысанға (индексі 29-сх, кезеңділігі жылына бір рет)  
1-қосымша

**"Жеке ауылшаруашылық дақылдарының түсімділігі" көрсеткіші бойынша жол берілетін мәндердің шектері**

АШӨСЖ <sup>1</sup> коды	Атауы	Шектеу, центнер гектардан
01.11.1	Бидай	50 дейін
01.11.2	Жүгері (маис)	60 дейін

01.11.31	Арпа	30 дейін
01.11.32	Қара бидай	25 дейін
01.11.33	Сұлы	25 дейін
01.11.41	Қонақ жүгері	50 дейін
01.11.42	Тары	25 дейін
01. 11. 49. 100	Қарақұмық	20 дейін
01. 11. 49. 200	Тритикале	50 дейін
01. 11. 49. 300	Масақтылар қоспасы	50 дейін
01. 11. 49. 900	Өзге де дәнді дақылдар	50 дейін
01.11.6	Жасыл бұршақты көкөністер	35 дейін
01.11.7	Кептірілген бұршақты көкөністер	35 дейін
01.11.81	Соя бұршақтар	20 дейін
01.11.82	Жер жаңғағы	20 дейін
01.11.84	Мақта тұқымдары	20 дейін
01.11.9	Өзге де майлы тұқымдар	20 дейін
01.12	Күріш	50 дейін
01.13.12	Қырыққабат	800 дейін
01.13.2	Қауындар және қарбыздар	250 дейін
01.13.31	Бұрыштар	500 дейін
01.13.32	Қиярлар	500 дейін
01.13.33	Баялдылар	500 дейін
01.13.34	Қызанақтар	500 дейін
01.13.41	Сәбіз және мал азықтық шалқан	700 дейін
01.13.43	Пияз	350 дейін
01. 13. 49. 300	Асханалық қызылша	700 дейін
01.13.51	Картоп	250 дейін
01.13.71	Қант қызылшасы	300 дейін
01.13.9	Басқа топтамаларға енгізілмеген көкөністер	350 дейін
01.15.10	Темекі	35 дейін
01.16.11	Шитті мақта	35 дейін
01. 19. 10. 300	Азықтық жүгері	350 дейін
01. 19. 10. 510	Пішенге табиғи шабындықтар шөптері	40 дейін
01.21	Жүзім	100 дейін
01.24	Шекілдеуікті және дәнекті жемістер	250 дейін
01.25.1	Жидектер	200 дейін
01.25.3	Жаңғақтар	100 дейін

### Ескертпе

<sup>1</sup> Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығы



"Ауыл шаруашылығы дақылдары түсімін жинау туралы" статистикалық нысанға (индексі 29-сх, кезеңділігі жылына бір рет)  
2-қосымша

## Ылғалдылық коэффициенті

Егер пішендемеге жұмсалған кептірілген шөптің % мынадай болса:	кептірілген шөптің мөлшерін, мынадай ылғалдылықтағы шөпке қайта есептеген кезде, осы коэффициентке көбейту қажет:			
	67%	70%	75%	80%
50%	1,52	1,67	2,0	2,5
55%	1,36	1,5	1,8	2,25

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросының  
басшысы  
2022 жылғы 16 қыркүйектегі  
№ 24 бұйрығына  
8-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика  
министрлігінің  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2020 жылғы 10 ақпандағы  
№ 21 бұйрығына  
21-қосымша

## "Ауыл шаруашылығы дақылдары түсімін жинау туралы" жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (индексі 29-сх, кезеңділігі жылына бір рет)

1. Осы нұсқаулық "Ауыл шаруашылығы дақылдары түсімін жинау туралы" (индексі 29-сх, кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) бастапқы кіріске алынған салмақ – түсімді жинау кезінде тазартпай алғандағы, арамшөбімен және минералдық қоспаларымен (топырақ, топырақ түйірі, собық масағы және өзге де қоспалар), сондай-ақ артық ылғалдығымен қоса нақты салмағы;

2) егістік жерлер – ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жердің ауданы;

3) жалпы жинау – әртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық егістігінен, ауыл шаруашылығы екпелерінен немесе басқа ауыл шаруашылық жерлерінен өндірілген (жиналған) өнім;

4) жиналған алқап – ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімі жиналған нақты алқап;

5) жылыжай – бұл жылыжай өсімдіктерін және көшеттерді жыл бойы өсіруге арналған, кез келген жарық өткізетін материалмен жабылған арнаулы үй-жай;

6) жылыжайлардың жалпы алаңы – өндірістік алаң (өсімдіктерді өсіруге пайдаланылады, олардың арасынан өтуге арналған орын), сондай-ақ қосалқы, әкімшілік-тұрмыстық, қосалқы өндірістік үй жайлардың алаңы;

7) көпжылғы дақылдар – жүзім, цитрус жемістері, дәндік, тұқымдас және сүйекті жемістер, жеміс ағаштары, бұталар және өзге жаңғақтар, құрамында майы бар жемістер, дәмдеуіштер, хош иісті және фармацевтикалық дақылдар, өзге де көпжылдық дақылдар;

8) маусымдық дақылдар – дәнді, бұршақ дақылдары және майлы тұқымдар, көкөністер және бақша, тамыр-жемісті және түйнекжеміс (картоп, қант қызылшасы), темекі, талшықты дақылдар (мақта, зығыр, кендір), басқа да маусымдық дақылдар (азықтық дақылдар, гүлдер);

9) органикалық өсімдік шаруашылығы – жабайы өсімдіктерді жинауды қоса есептегенде, синтетикалық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және өсімдіктердің өсуін реттеуіштерді пайдаланбай, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру;

10) өңдеуден кейінгі салмақ (есепке алынатын салмағы) – түсімді тазартқаннан және кептіргеннен кейінгі алынған, яғни ылғалдылық және ластану дәрежесін шегергендегі нақты салмағы;

11) себу кешені – бұл топырақты алдын ала өңдеу, тегістеу, себу, тыңайтқыш енгізу және нығыздау сияқты бірнеше агротехнологиялық операцияларды бір мезгілде жүргізе алатын кешен;

12) суармалы ауыл шаруашылығы алқаптары – ауыл шаруашылығында пайдалануға және суаруға жарамды тұрақты немесе уақытша суару желісі бар жерлер;

13) тікелей сепкіш – анкерлі немесе қашау тісті сіңіргіштермен жабдықталған сепкіш;

14) топырақ ресурсын сақтау технологиясы – топырақты механикалық ең аз, қысқартылған өңдеуге және тікелей себу технологиясына (топырақты механикалық өңдеусіз өсіруге) негізделген дақыл алмастыратын ауыспалы егісте ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру технологиясы.

3. Егер ауылшаруашылық қызметі бірнеше аудандар мен (немесе) облыстардың аумақтарында жүзеге асырылса, респонденттер статистикалық нысанды жеке бланктерде әр аумақ бойынша ақпаратты көрсете отырып ұсынады, демек деректер ауылшаруашылық қызметін нақты жүзеге асыру орны бойынша көрсетіледі.

Егер заңды тұлға құрылымдық бөлімшеге статистикалық нысанды тапсыру жөніндегі өкілеттіктерді берсе, онда осы құрылымдық бөлімше статистикалық нысанды өзінің орналасқан жері бойынша аумақтық статистика бөлімшелеріне ұсынады.

4. Статистикалық нысанда егістік алқабының көлемі, нақты жиналған алқап (гектармен), түсімді нақты жинау (центнерде) және Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығының кодына сәйкес нысанда қарастырылған жекелеген дақылдар және суарылатын жерлер бойынша деректерді көрсетумен жаздық дақылдардың солған алқаптары туралы нақты деректер көрсетіледі.

5. 1-бөлімде тіркелген жеріне қарамастан, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру саласында қызметті нақты жүзеге асыру аумағы (облыс, қала, аудан) көрсетіледі.

6. 2-бөлімде нақтыланған егістік және өнім жиналатын алқаптың, жиналған түсімнің көлемі екі ондық белгісімен тұтас сандармен көрсетіледі.

2-бөлімнің 3-бағанында нақтыланған егістік алқаптары туралы деректер, ағымдағы жылдың түсіміне кеш егілетін дақылдардың шаруашылықтағы нақты егілген алқабын (мәселен, жазда отырғызылған картоп), күздік дақылдар егісінің толық солған нақты мөлшерін, сондай-ақ егістің шаруашылықта пайдалануын (дәнге, пішенге тағы сол сияқты) ескере отырып, көрсетіледі. Бұл орайда солған (есептен шығарылған) егіс алқабы актілермен расталады.

Оның құрамына қысқы солғандарын есептен шығарғандағы өткен жылғы егілген күздіктер, дербес ауданға, соның ішінде солған күздіктердің орнына қайта себілгендерді қоса, ағымдағы жылы егілген жаздық дақылдар және осы жылы егілген көпжылдық шөптер (бүркемесіз), өткен жылдары егілген көпжылдық шөптердің биыл жиналатын ауданы (яғни, көктемге сақталған шабындық ауданы) кіреді.

Егер көк азыққа немесе сүрлемге пайдаланылған күздік дақылдар алқабына ағымдағы жылы көктемгі себу аяқталғанға дейін жаздық дақылдар егілсе, осы жаздық дақылдар егісі, тиісті жаздық дақылдар негізгі егіс ретінде есепте көрсетіліп, жалпы егіс көлеміне енгізіледі. Көк азыққа немесе сүрлемге пайдаланылған күздік дақылдар егісі аралық егіс болып саналып, жалпы егіс алқабына енгізілмейді, сондай-ақ қайталама (аңыздық), қатараралық (тығыз отырғызылған) егістер де жалпы егіс алқабына енгізілмейді.

